

ның, транзиттік кезеңнен кейінгі азаматтардың өз күшене сенімділікті, сондай ақ қоғамдық саяси, мәдени, әлеуметтік экономикалық салалардағы қол жеткізген жетістіктері үшін мақтанышқа алып келеді [5].

Қазақстан жас мемлекет болғандығына қарамастан, қазіргі таңда сенімді әріптес беделіне ие. Біздің мемлекетте мемлекеттік брендтің бірегей жүйесінің құрамдас бөлшектері бола алатындай айтарлықтай жетістіктер көп. Олардың қатарына ешқандай күмәнсіз Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және Үлкендасу Ұйымына (ЕҚЫҰ) нәтижелі төрағалығы Еуропа кеңістігінде еліміздің халықаралық беделінің күшейуіне мүмкіндік берді. Бұған қоса, Қазақстан әртүрлі халықаралық шаралардың, бастамалардың басында тұрған мемлекет, олардың арасында, дәстүрлі түрде Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндердің халықаралық съезін, жыл сайын әлемнің белді саясаткерлерін, эксперттері мен журналисттерді біріктіретін медиа форум өткізеді. Мемлекет аймақтағы әскері-саяси және әлеуметтік-экономикалық интеграцияның белсенді бастамашысы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңістігіндегі экономикалық реформалар мен аймақтағы дамуы жағынан көшбасшы болып табылады, бастысы мемлекетіміз бағындырған асуларға жетіп, тоқтамай жаңа биіктерге жету үстінде.

1. Филип Котлер, Кристен Асплунд, Ирвинг Рейн, Дональд Хайдер. «Маркетинг мест: Привлечение инвестиций, предприятий, жителей и туристов в города, коммуны, регионы и страны Европы». – СПб., 2005. 216-217 беттер.

2. Philip Kotler and David Gertner. "Country as a brand, product and beyond: A place marketing and brand management perspective." *The Journal of Brand Management* (page 255), Vol 9, no 4-5, April 2002.

3. Саймон Анхольт, Джереми Хильдрет «Бренд Америка: как культурные ценности одной нации завоевывают сердца и умы миллионов людей в других странах благодаря правильно построенным маркетинговым стратегиям». – М. С. 24-25.

4. Gyorgy Szondi. "The role and challenges of country branding in transition countries: The Central and Eastern European experience". *Place Branding and Public Diplomacy*. Vol 3,1. September 2006.

5. Anholt Simon. "Brand New Justice: The Upside of Global Branding", Butterworth-Heinemann, Oxford, UK.

Основная цель данного исследования – представить на примере Казахстана важность государственного брендинга, особенно в рамках транзитного периода, поскольку брендинг может принести успех в деле развития государства.

The main objective of this paper is to present in the case of Kazakhstan importance of state branding especially in terms of transitional period as branding can contribute to success of country developing process.

Ғ.К. Алибекова

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

Экономикалық және технологиялық дамудың сипаты мен табиғат арасындағы қайшылықтар күннен күнге артып келеді. Мұндай бағыттың одан ары қарай жүруі ғаламдық опатқа алып келері анық. Ғаламдық өзгерістердің, яғни климаттың өзгеруі, шөлдердің пайда болуы, атмосферадан қауіпті ультракүлгін сәулелерінің өтуі, індеттер мен аштықтың жайылуы ғаламдық опат дабылдарының бірі болып табылады.

Табиғат пен оның объектілері (ауа, теңіз, орман, жануарлар және т.б.) адамзаттың ортақ игілігі болып табылады. Оның қорғалуы мен тиімді пайдалануында бүкіл әлемдік қауымдастық мүдделі.

Табиғатты қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану – заманның жаһандық проблемасы. Бүкіл әлемде бейбітшіліктің сақталуы және жекелеген мемлекеттер тарапынан қарусыздану мәселесі, мемлекеттер арасын-

дағы сенімділік пен өзара келісім; табиғатқа қатысты барлық мемлекеттердің ортақ саясат жүргізуі және өз территориясында табиғатты қорғаудың барлық шараларын қолға алуы, әсіресе табиғатты қорғау заңнамасының дамытылуы жаһандық экологиялық проблемалардың шешілуінің негізгі шарттары болып табылады. БҰҰ шеңберінде және жергілікті негізде жүзеге асырылатын қоршаған ортаның халықаралық қорғауға арналған барлық акцияларына әлем мемлекеттерінің белсенді түрде қатысуы, табиғаттың жекелеген бөліктерін қорғауға арналған халықаралық келісімшарттардың құрылуы мен қабылдануы – халықаралық экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі механизмдерінің бірі.

Бірнеше ғасыр бұрынғы заманмен салыстыратын болсақ, жер шарын миллионнан астам тұрғындары бар мегаполистер қаптады. Адамзат

техника дамуының арқасында табиғатқа тәуелділікті ұмытып барады. Қазіргі кезде адамның табиғатты игермеген бөлігі қалмады. Қолдан жасалған ортаға көшу табиғи ортаның жоқ болып кетуіне алып келуде.

Адамдар автокөліктердің шығаратын улы газдарымен демалады, әр түрлі химиялық тәсілмен өсірілген азық-түлікпен тамақтанады. Мәселен, кейбір мемлекеттердің тамақ өнеркәсіптерінде бидай өсіруде мысықтың гені қосылады екен. Бидай құрамында мысық гені болғандықтан, оған тышқандар мүлде жоламайды. Ал, осы бидайдан өндірілген ұннан кондитер өнімдері өндіріледі. Адам аталмыш проблеманың әсерін қазір сезінбегенімен, кейінгі екінші, үшінші ұрпаққа берілу мүмкіндігін ғылым дәлелдеген. Осы сияқты гендік модификациялық тағамдар дүкен сөрелерінде көптеп кездесетіні белгілі [1]. Яғни, қазіргі заманда мұндай мәселенің өзі экологиялық апат жағдайында тұрғандығының айғағы.

Кезінде Африка континенті жемісті өлке болған. Онда орналасқан оңтүстікке қарай жылына 2-6 км-ге жайылып бара жатқан Сахара шөлі қауіп төндіруде. Қазақстан территориясында Қарақұм мен Қызылқұмның да жағдайы осындай. Сырдария мен Амудария өзендерінің суы егін шаруашылығының кең жайылымына байланысты Арал теңізіне дейін жетпей қалуының нәтижесінде соғыс жылдарынан соң Арал теңізінің су көлемі екі есеге азайған.

Осындай экологиялық апаттардың орын алуына бірнеше, төмендегідей факторлар әсер етеді:

1. табиғаттың жекелеген компоненттерін тиімсіз, көп жағдайда асыра пайдалану және оларды жою;

2. қоршаған ортаны ластау;

3. жаппай қарулану, әскери жанжалдар және жергілікті соғыстар.

Тиімсіз пайдалану салдарынан ірі сүтқоректілердің, құстардың, жануарлар түрлерінің жүздегені іс-түссіз жоғалып кетті, мыңдаған жануарлар жойылып кету қаупінде тұр. Соңғы 50 жыл ішінде орман алқабының дерлік жартысы жойылған. Шектен тыс балық аулаушылық балықтар қауымдастығын жойылу апатына әкеліп соқтырды. Әлемнің көптеген елдерінде жер эрозиясы маңызды проблемаға айналды. АҚШ, Еуропа, Қытай, Үндістан, Таяу Шығыс және Африкада су қоры азаюда. Ал, судың жетіспеушілігі азық-түліктің де жетіспеушілігін білдіреді [2].

Қоршаған ортаны қорғау проблемаларының шешімін ғалымдар жаңа түрдегі экономиканы құруда көріп отыр. Жекелей келгенде, ол шикізатты қайталама түрде пайдалану және энергияның қайта жаңартылатын көздерін, сонымен қатар, халықтың тұрақты деңгейін

ұстауды қамтиды. Қоршаған ортаға кері әсердің келесі бір маңызды факторы – адам іс-әрекеті нәтижесінде қоршаған ортаны антропогенді ластау болып табылады.

Саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық және басқа да қажеттіліктердің қанағаттандырылуы тұлғаның мүдделерін құрады. Қауіпсіздік те адамның өмірлік мүддесін білдіреді

Қауіпсіздіктің үш негізгі қауіпті түрін бөліп көрсетуге болады:

1. *әскери қауіп*: ядролық соғыс, жаппай қырып-жою қаруының тарауы, халықаралық қару-жарақтың тасымалдануы, әлемдік маңызы бар соғыстар мен жергілікті жанжалдар;

2. *әлеуметтік-экономикалық қауіп*: аштық тудыратын жаппай кедейлену жағдайына түсу, экономикалық құлдыраулар, адам санының шамадан тыс көбеюі және урбанизация өрісі мен халықаралық миграция;

3. *экологиялық қауіп*: атмосфера құрамының өзгеруі мен зардап шегуі; табиғи ауыз судың, акваторий маңындағы мұхиттардың ластануы; ормандар мен шөлдердің жоюлуы; топырақтың эрозияға ұшырауы және жер құнарлығының жоғалуы; биотехнологиямен байланысты қауіптер; ластанған, қауіп төндіретін қалдықтар; улы химиялық заттардың өндірілуі, тасымалдануы мен қолданылуы; дамушы елдерге қауіпті технология беру мен қауіпті қалдықтарды тасымалдау.

Қазіргі замандық өркениеттің өзі қауіп-қатер астында және антропогенді әсерден пайда болған жаһандық экологиялық мәселелерін шешуді талап етеді.

Әлемдік тәжірибеде қазіргі таңда жаһандық экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйе қалыптасқан:

1. халықаралық ынтымақтастықтың әр түрлі салаларында жұмыс атқаратын БҰҰ бағдарламалар мен институттарының ұйымдастырылу жүйесі;

2. қоршаған орта мониторингінің жаһандық жүйесі;

3. жаһандық қауіпсіздік пен постиндустриялды қоғамның даму жолдарын анықтау жөніндегі зерттеу бағдарламалары мен жобалары;

4. жаһандық қауіпсіздік проблемалары және оның тиімді іске асырылу құралдары мен шаралары жөніндегі тұрақты өткізіліп тұратын халықаралық форумдар, конференциялар, көрмелер жүйесі;

5. ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулерді қолдайтын, жаһандық экологиялық қауіпсіздікті қолдауды қамтамасыз ететін ұлттаралық және ұлттық қаржылық, демеуші ұйымдар [3].

Экологиялық қауіпсіздік мониторингінің жаһандық жүйесі қоршаған орта жағдайын

ұзақмерзімді бақылаумен қамтамасыз етеді және жаһандық экологиялық қауіпсіздігінің болжамдық баға беруімен айналысады. Бақылау болса, халықаралық экологиялық бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады.

Экологиялық қауіпсіздік жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде жүзеге асырылады. Экологиялық қауіпсіздікті жаһандық деңгейде басқару дегеніміз жалпы климаттың әлемдік үдерістері мен өзгерістерін болжамдау мен бақылау болып табылады.

Аймақтық деңгей бірнеше мемлекеттердің территориялары сияқты үлкен географиялық және экономикалық зоналарды қамтиды. Бақылау мен басқару мемлекет және халықаралық байланыстар (Еуропа бірлестігі, ТМД, Африка бірлестігі) деңгейінде жүзеге асырылады. Аталмыш деңгейде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі мына бағыттарды қамтиды:

1. экономиканы экологияландыру;
2. жаңа экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдану;
3. қоршаған ортаға қауіп төндірместен және табиғи ресурстарды рационалды түрде пайдалану арқылы экономикалық даму қарқынын сақтау.

Жергілікті деңгейде қалалар, тау-кен ісі, мұнай өңдеу және металлургия аймақтары қарастырылады. Бұл деңгейде экологиялық қауіпсіздікті басқару жекелеген қалалар мен аудандар, мекемелер аясында тиісті қызметтердің араласуымен жүзеге асырылады.

Саяси аспекті бойынша, қоршаған ортадағы өзгерістер мемлекет қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Мысалы, табиғи ресурстардың жетіспеушілігі сияқты экологиялық қауіптің салдарынан халықтың жаппай көшуіне байланысты әлеуметтік жанжалдардың тууына себеп болуы мүмкін. Климаттың өзгеруі секілді жаһандық проблемалар экономиканың құлдырауына, оның салдары ретінде саяси тұрақсыздыққа және әлеуметтік текетірестерге алып келетіні анықталған.

Экологиялық қауіптің әсері тек мемлекетке емес, сонымен қатар индивидтің, яғни адамның өзіне тікелей ықпал етеді. Қоршаған ортаны қорғау адамзат денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Мысалы ластанған ауаның нәтижесінде пайда болған аурулардың есебінен жыл сайын мыңдаған адам зардап шегеді екен. Ал, оның өзі жекелеген мемлекетке 1-2 млрд. доллар көлеміндегі шығынды алып келеді [4].

Табиғи, ресурстық, интеллектуалдық және экологиялық әлеуетіне қарай Еуропалық Одақ аймақтық және жаһандық экологиялық проблемаларының шешімінде маңызды роль ойнайды. Еуропалық Одақтың экологиялық

қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басты басымдықтарының бірі ретінде адамдардың әр түрлі қызметтерінің нәтижесінде туындаған төтенше жағдайлардың салдарларын болдырмауды қарастыруға болады. Сонымен қатар, қазіргі кезде адамдар мен қоршаған ортаға зардабын тигізетін халықаралық терроризммен күресу жолында да маңызды қызмет атқаруда.

Әлемнің көптеген ірі өзендері халықаралық болып табылады, ал ТМД-ның пайда болуымен ондай өзендердің саны көбейді. Мысалы, Еділ қазіргі кезде халықаралық өзен, Арал теңізінің бассейні бес мемлекетті құрайды. Шамамен, әлемнің 40% халқы екі немесе үш мемлекет территориясында орналасқан өзендік бассейн алқабында өмір сүреді. Осының есебінен, өзен арқылы келетін шығын мен пайдаға байланысты көптеген қиын мәселелер туындап жатады. Яғни, шаруашылық қызметінен түсетін пайданы бір мемлекет көрсе, оның экологиялық шығындарын басқа көрші мемлекеттер көріп жатады. Аталмыш мәселелер тиісті халықаралық ережелер бойынша құзырлы халықаралық ұйымдар немесе мемлекетаралық өзара келісім арқылы шешілуі қажет.

Жүз елу жыл индустриалды дамудың нәтижесінде ауаның күрт ластануы озон қабатының жұқаруына себеп болды. Осы үдерісті баяулату негізінде 1997 жылдың желтоқсан айында Жапонияның Киото қаласында Киоттық Хаттама бойынша мемлекеттер арасында келіссөздер жүргізілген. Хаттамаға 2002 жылдың 23 мамырында 55-ші мемлекет болып, Исландия қол қойды. Сондай-ақ Хаттама шарттарының бірі ретінде ратификациялаған мемлекеттердің үлесінде бүкіләлемдік көмірқышқыл газ қалдықтарының аз дегенде 55% болуы қажет болған. 2004 жылдың қараша айында Ресей мемлекеті Келісімге қол қойғаннан соң, бұл шарт күшіне енді. Киоттық Хаттамасы жекелеген индустриалды дамыған мемлекеттер үшін атмосфераны ластаушы қалдықтарды төмендету бойынша негізгі ережелерді бекіткен. Яғни, олар:

1. ірі ауаны ластаушы техника көлемін азайту;
2. көліктерден шығатын қалдықтар деңгейін азайту мақсатында транспорт саласын реттеу;
3. қазба ресурстарының орнына күн сәулесі, жел, биодизель сияқты жаңа энергия көздерін едәуір пайдалану.

Көптеген индустриалды дамыған мемлекеттер Киоттық Хаттамасын қолдап отыр. Алайда, ауаны ластаушы қалдықтардың жалпы санының 25% құрайтын парниктік газ қалдықтар деңгейі бойынша әлемдік көшбасшы болып табылатын АҚШ әлі күнге дейін аталмыш Хаттаманы ратификациялаған жоқ. Өйткені, АҚШ Киоттық

Хаттаманың шарттарын орындау экономикаға үлкен зардабын алып келеді деген пікірде. АҚШ-қа бұл 400 млрд доллар шығын алып келетіні анықталған. Сондай-ақ, АҚШ Хаттаманың көптеген шарттарымен келіспей, оның түбегейлі ғылыми негіздерін жан-жақты қарастыру керек екендігін көрсетеді. Кейбір ғалымдар бұл келісімді антииндустриалдық жоспар деп табады.

Алайда, соңғы жүз елу жылда озон қабатының жұқаруы есебінен жер температурасы 0,76 градусқа көтерілген. Ғалымдардың пайымдауынша, жер мен адам мүмкіншіліктері тағы да 2 градусқа бейімделе алады. Ал, егерде қазіргі кезден қоршаған ортаның ластануына байланысты тиісті іс-шаралар қолданылмаған жағдайда, аталмыш көрсеткіш жақынаралық 50 жылда жоғарылайды.

Осыдан 20-30 жыл бұрын халықаралық аренада әскери-саяси мәселелер ең басты рольдерді тұрса, қазіргі кезде экономика, демократия, ақпарат мәселелерімен қатар кез-келген мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі болып табылатын экологиялық қауіпсіздік мәселесі ең өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

БҰҰ-мен қатар, ЕҚЫҰ қауіпсіздік саласы бойынша кең ауқымды мәселелермен айналысады. 1975 жылдан бері аталмыш ұйым, әсіресе трансшекаралық-экологиялық мәселелері сияқты жағдайларды болдырмау және оған дер кезінде жауап беру шараларын ұйымдастыру бойынша қауіпсіздікті зерттеу мен сақтауда көшбасшы ұйымдардың бірі болып табылады. Экология мәселелері бұл ұйымның бірнеше келісімшарттарында бекітілген. Қазақстан 2010 жылы «Төрағалық ету» барысында экологиялық қауіпсіздік мәселесін ұйымның басым бағыттарының бірі ретінде көрсеткен болатын. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ-на мүше-мемлекеттер жекелеген мемлекеттерге экологиялық жағдайларға байланысты көмек көрсетуде [5].

Сондай-ақ, әлемдік қауымдастық халық-

аралық экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін негізгі принциптерге сүйене отырып жүзеге асыруы қажет. Яғни, қолайлы экологиялық қауіпсіз қоршаған ортада өмір сүру, қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттарға қолжетімділік және экологиялық білім алу құқықтары секілді адамның халықаралық экологиялық қауіпсіздік саласындағы құқықтарының басымдығын бекіту, табиғи ресурстарды рационалды түрде пайдалану, адамның экологиялық қауіпсіздік саласы бойынша жасаған қылмыстары үшін жауаптылығын арттыру керек.

Кез-келген мемлекеттің экологиялық проблемаларға дер кезінде жауап беру мүмкіндігі бүкіл әлем қауымдастығының қауіпсіз өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады. Қауіпсіздік қамтамасыз етілмеген жағдайда, даму болмайды.

1. www.World-food.com

2. Донченко В.Ю. К вопросу об обеспечении международной экологической безопасности в современном мире // Традиции и новации в системе современного российского права: Материалы VI международной научно-практической конференции студентов и аспирантов. МГЮА, 6-7 апреля 2007 года. – М.: МГЮА, 2007. – 75 с.

3. Тимошенко А.С. Международный контрольный механизм в системе экологической безопасности // Государство и право. – М., 1992. - № 12. - 93 с.

4. Terriff, Terry. "Environmental degradation and security" // Security studies for the 21st century. Ed. by Richard Shultz, Jr., Roy Godson, and George H Quester. - Washington - London: Brassey's, 1997. Pp. 253-264.

5. Федоров В. Н. Организация Объединенных Наций, другие международные организации и их роль в XXI веке. – М., 2007. – С. 49.

В данной работе автор рассматривает экологическую безопасность как фактор политической стабильности.

In the article author considers aspects of ecological safety as guarantee of political stability.

Ж.М. Алдубашева

ИНТЕРЕСЫ РОССИИ И США В ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОМ РЕГИОНЕ

В последние годы государства Центральноазиатского региона выдвинулись на авансцену мировой политики. Из малоизвестных советских республик они постепенно превратились во влиятельных субъектов между-

народных отношений. Центральная Азия, продолжавшая оставаться для России сферой ее традиционного влияния, а для Китая – зоной соседства, одновременно стала привлекать к себе взоры государств, расположенных далеко